

Оқуға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1 Әңгімелесудің мақсаты мен міндеттері

Әңгімелесудің **мақсаты** магистратурада оқу кезінде ЖОО түлектерінің алған білімдерін тексеру және бағалау, докторантурада оқуға ынталандыру деңгейін анықтау болып табылады.

8D04102 – «Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқу жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың жалғасы болып табылады және магистранттарды даярлаудың оқу жоспарында көзделген пәндерді білуге негізделеді.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- дайындық бағытына байланысты мәселелерде үміткерлердің құзыреттерін анықтау;
- ғылыми зерттеулер жүргізу үшін ғылыми қызығушылықтарды анықтау;
- ғылыми жарияланымдар, ғылыми-практикалық, халықаралық конференцияларға қатысу тәжірибесін анықтау;
- қазақстандық ғалымдармен, жақын және алыс шетел ғалымдарымен ғылыми байланыстар шеңберін анықтау.

Докторантураның жалпы құзыреттері:

– жаһандану және интернационалдандыру жағдайында қазақстандық ғылымның қазіргі тенденцияларын, даму бағыттары мен заңдылықтарын; ғылыми танымның әдіснамасын; тиісті саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін **білу**;

– ғылыми зерттеу процесін ұйымдастыра, жоспарлай және жүзеге асыра білу; зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдау, бағалау және салыстыру және қорытынды жасау; әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және өңдеу; заманауи білім мен талдау әдістері негізінде дербес ғылыми зерттеу жүргізу; өзінің әрі қарайғы кәсіби ғылыми дамуын жоспарлау және болжау;

– сыни талдау; әртүрлі ғылыми теориялар мен идеяларды бағалау және салыстыру; аналитикалық және эксперименттік ғылыми қызмет; зерттеу нәтижелерін жоспарлау және болжау; халықаралық ғылыми конференцияларда, форумдарда, семинарларда көпшілік алдында сөз сөйлеу; ғылыми жазу және ғылыми коммуникация; заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, патенттік іздестіру және ғылыми ақпарат жүргізу дағдыларына **ие болу**;

– **құзыретті болу**: ақпараттық ресурстардың тез жаңаруы мен өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулер жүргізуде; ғылыми

зерттеуде теориялық және қолданбалы міндеттерді қоюда және шешуде; тұрақты кәсіби және ғылыми өсуді қамтамасыз етуде.

2 Өңгімелесу өткізудің нысаны мен ұйымдастырылуы

Өңгімелесу өткізу нысаны – ауызша. Өңгімелесудегі ұпайлардың жалпы саны - 30. Балдарды бағалау критерийлері бойынша бөлу үшінші бөлімде ұсынылған.

Өңгімелесуді тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамынан қалыптастырылатын емтихан комиссиясы жүргізеді. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді. Емтихан комиссиясының құрамы оның төрағасы көрсетіле отырып, университет басшылығының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия түсушілердің теориялық және практикалық даярлық деңгейінің белгіленген жалпыға міндетті стандарттарға сәйкестігін, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша білімнің, іскерліктің және практикалық дағдылардың нақты деңгейін, жауаптардың қисындылығы мен аргументтілігін, ғылыми қызметке ынтасы мен қызығушылығын, ғылыми негіздеме мен ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін айқындайды.

Өңгімелесу бойынша қорытынды баға әрбір критерий бойынша балл сомасы болып табылады және 30 балдан аспауы тиіс.

Өңгімелесу нәтижелері емтихан комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді және ол өткізілген күні жарияланады.

3 Өңгімелесуді бағалау критерийлері

1-кесте- Өңгімелесудің бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1	Мотивация	Таңдалған оқу бағдарламасы бойынша докторантурада оқу және белгілі бір ЖОО-ға түсу мотивтерін дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пән саласындағы ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесінің болуы.	10
3	Шығармашылық	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	10
4	Қарым-қатынас дағдылары	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	5
Максималды ұпайлар			30

4 Әңгімелесуге арналған сұрақтардың үлгі тізімі

- 1 Магистратурада оқу кезінде менеджменттің қандай пәндерін оқыдыңыз?
- 2 Ғылым ретінде «Менеджмент» дегеніміз не?
- 3 Мемлекеттің қызметін сипаттайтын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді қандай білесіз?
- 4 Кез-келген мемлекеттің экономикасына тән менеджменттің негізгі шешу мәселелерін атаңыз?
- 5 Қазақстандық менеджмент пен ғылымды дамытудың заманауи үрдістерін, негізгі мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды атаңыз?
- 6 Менеджменттің жаһандық даму тенденцияларын атаңыз?
- 7 «Ғылым» дегеніміз не?
- 8 Сіздің ғылыми қызығушылықтарыңыз қандай?
- 9 Сіздің ғылыми негізіңіз қандай: ғылыми жарияланымдар, ғылыми конференцияларға, форумдарға, семинарларға қатысу?
- 10 Сіздің ғылыми жұмысыңыздың болашағы қандай? Жоспарланған диссертациялық зерттеудің шамамен тақырыбы, оның өзектілігі?
- 11 Ғылыми зерттеулер жүргізудің негізгі кезеңдерін, әдістерін, ғылыми зерттеулер жүргізу алгоритмін атаңыз?

Әдебиет

- 1 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. [Электрондық ресурс] https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
- 2 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. [Электрондық ресурс] https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
- 3 «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс] https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
- 4 Қазақстан Республикасының Ұлттық жобалары. [Электрондық ресурс] https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
- 5 Қазақстандағы ғылым. [Электрондық ресурс] https://ru.wikipedia.org/wiki/Наука_в_Казахстане
- 6 McConnell, Campbell. Economics : Principles, Problems, & Policies : [англ.] / Campbell McConnell, Stanley Brue, Sean Flynn. - 22st Ed. - McGraw-Hill, 2021.
- 7 Байбородова Л. В., Чернявская А. П. Методология и методы научного исследования. Учебное пособие. - М.: Юрайт. 2018. 222 с.
- 8 Розанова Н. М. Основы научных исследований. Учебно-практическое пособие. - М.: КноРус. 2020. 328 с.
- 9 Цыпин Г. М. Работа над диссертацией. Навигатор по «трассе» научного исследования. - М.: Юрайт. 2019. 36 с.